

«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы

Б/б меңгерушісі:

Бекітемін

И.Беркінбаева

«Баланың бақшаға бейімделуі»

/Ата – аналарға арналған психологиялық тренинг/

Психолог: А.Мақұлбекова

2024 – 2025 оқу жылы

Мақсаты: Бақшаға балалардың тез бейімделуіне жағдай жасау.
Ата – аналарға кеңестер беру.

Қатысатындар: Ата – аналар, тәрбиешілер, балалар.

Көрнекіліктер: Отбасы суреті, бояу қарындаштар, қалам, таза парак, шарлар, қайшы, желім

Кіріспе сөз: Қымбатты ата- аналар, сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Алдымен өзіміз,отбасымыз туралы әңгімелеп, танысайық.

I.Танысу. Амандасу

Психологиялық жаттығу: «Үй»

Қажетті құралдар: А4 парағы, қарындаш.

Өтілу барысы: Ата-аналарға ақ парак пен қарындаштар беріледі.

Тапсырма: Паракқа үйдің суретін сал. Салған үйіңіздің 6 терезесі болу шарт. Үйді салып болсақ , енді сол терезелерге өз отбасыларыңыздың мүшелерін орналастырыңыз. (Өз отбасыларын таныстырады)

Психолог: сіздердің отбасыларыңызбен біз толық таныстық

II. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру.

- Баланың элеуметтенуі қашан қайда басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез – құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу әр балада әртүрлі өтеді, кейбірінде жеңіл болса, көпшілігінде қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен;
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен;
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан).
- Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата – аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

- Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретіңіз туралы айттыңыз ба?

Ата – аналардың балаға эмоционалдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады.

Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

- жеңіл түрі: баланың мінез – құлқы 10-15 күнде қалпына келеді;
- орташа ауырлық бейімделу: 1 айдың ішінде;
- ауыр бейімделу: 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өткені ата – анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – аналар балаға көмек беруі керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз.

Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.

- Баланыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатал ұстаныңыз.
- Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатпаңыз.

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі. Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың қарым – қатынас көкжиегін кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз, сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай-ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
 - Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.
 - Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын сылап тұру қажет. Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңызбен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап-ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
- Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында тәрбиешісімен бірге психолог және медбике бақылауға алады.

III. Кеңес соңында сұрақтар беріп, өзара пікірлесу.

IV. Ойын «Ата-ана мейірімі».

Ата – аналар ақ паракқа гүлдің суретін салып, гүлдестелерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой-пікірлерін айтады.

V. Жағдаят.

Ата-аналар жағдаятты оқып, өз ойларын айтады.

I топқа: Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?

II топқа: Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер. 4- 6 жастағы бала күніне көптеген сұрақ қоятын көрінеді. Сіздің балаңыз осындай сауалдарды көп қойса, жауап беруге тырысасыз ба, жоқ әлде елеусіз қалдырасыз ба?

III топқа: Кейбір ата- аналардың баласының әрбір істеген іс–әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың», - деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс- әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

VI. Ойын «Балабақшаға баратын жолда»

Бала балабақшаға өз еркімен жыламай бару үшін балалармен балабақшаға баратын жолда ойын ойнауға болады.

1. «Барлығы дөңгелек (төртбұрыш, үшбұрыш)»

Бала мен ата – ана кезекпен кезек дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрышқа ұқсас заттарды атайды.

2. «Қызыл (жасыл) заттар»- түстерге байланысты заттарды атайды.

3. «Сиқырлы пішіндер» - баламен бірге қоянның, аюдың, түлкінің жүрістерін салады.

4. «Не өзгерді?»

Үлкендер қолғабын балаға білдіртпей шешіп тыға қояды да, баладан менде не жоқ деп сұрайды. Сонымен бірге жолда келе жатып не өзгергенін атайды.

ҮІІ. «Тілек шамы». (Қорытындылау)

Тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан – жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Ата-аналарға ұсыныс:

1. Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты сұрақтарға психологтан ақыл – кеңес алыңыз.
2. Баланы балабақшаға тек қана дені сау күйінде жіберіңіз.
3. Баланы тосын жағдайларда қимыл-әрекетін өзгерте білуге үйретіңіз.
4. Балабақшадағы күн тәртібіндегі жаңа сәтін алдын ала біліп алып, оларды үйдегі күн тәртібіне кіргізіңіз.
5. Сізді толғандырып жүрген балабақшаға байланысты мәселелерді баланың көзінше талқыламауға тырысыңыз.
6. Өз уақытыңызды былай жоспарлаңыз: баланың балабақшаға қатысуының алғашқы айында сіз балаңызды күні бойға қалдырмауға жағдай жасаңыз.
7. Баланы өзі жақын арада келетін топтың балаларымен және тәрбиешілерімен ертерек таныстырыңыз.
8. Үйде баланы өзіне-өзі қызмет етуге қажетті барлық дағдыларға үйретіңіз.
9. Сіздің балаңыз бәрінен бұрын сізге қымбатты және сүйікті екенін ұмытпаңыз!

Ата-аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімізді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!

«Баланың бақшаға бейімделуі» атты психологиялық тренингтің анықтамасы

2024 жылдың қазан айының 16 жұлдызында Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасының «Балапан» кіші тобының ата - аналарымен «Баланың бақшаға бейімделуі» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты: Бақшаға балалардың тез бейімделуіне жағдай жасау. Ата – аналарға кеңестер беру.

Тренингке 12 ата – ана балаларымен және топ тәрбиешісі мен көмекші тәрбиеші қатысты. Алдымен сәлемдесіп, өз отбасыларымен таныстырып өтті. Тренинг барысында ата – аналар балаларына деген сүйіспеншіліктерін сөзбен, қарым – қатынаспен жеткізіп отырды. Балалармен бірлескен ойындар ойналып, ата – аналарға баланың бақшаға бейімделуі жайлы кеңестер берілді. Тренинг «Тілек шамы» арқылы бір – біріне деген жылы лебіздерін айта отырып қорытындыланды. Сонымен бірге ата – аналарға арналған баланың бақшаға бейімделуіне көмек беретін ұсыныс таратылды.

Психолог:



А. Мақұлбекова

«Жақсы көңіл - күй - жан азығы»

/Ұжым мүшелерімен психологиялық тренинг/

Психолог: А.Мақұлбекова

Тақырыбы: «Жаксы көңіл – күй – жан азығы»

Мақсаты: Ұжым мүшелерінің психикалық көңіл - күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым - қатынас орната білу.

Тренинг құрылымы:

1. Амандасу
2. Әдістеме «Менің мінезім»
3. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» ойын
4. «Өз әңгіменді айтшы» ойын
5. «Мұқият қайтала» ойын
6. «Берік көпір»
7. «Қимыл қозғалыс арқылы жауап беріңіз» ойын
8. «Лабиринттен бірге шығайық» ойын
9. Қорытынды «Бес саусақ» жаттығуы

Тренинг барысы: Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі өткізілетін психологиялық тренингке қош келдіңіздер! Бүгін сіздердің психикалық көңіл - күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз - өзіңізге құрметпен қарауға, бір - бірімізбен сыйластық қарым - қатынаста болуға арналған тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

Топтағы қағида:

1. Белсенділікті арттыру
2. Бірігіп жұмыс істеу
3. Бір - біріне кедергі келтірмеу
4. Өз ойыңды ашық айта білуге үйрену
5. Өзіңе пайдалы нәрсені алу
6. Әріптестермен жақсы қарым - қатынаста болу
7. Өзін еркін ұстауға үйрену

1. «Амандасу» жаттығуы

Мақсаты: Өзін таныстыру, ұжымға бейімделу, айналасындағылармен бірлесіп жұмыс жасауға оң бағытталу.

2. Әдістеме: «Менің мінезім»

Мақсаты: Өзіне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтау.

Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі.

Әр бөлікке төмендегі жануар, аң, құс аттарын жазып шығады.

Түйе, Жылқы, Сиыр, Қой, Ешкі, Мысық, Тауық, Қаз, Аққу, Қарлығаш, Үйрек, Бұлбұл, Арыстан, Қасқыр, Түлкі, Маймыл, Қоян, Тауешкі, Тасбақа, Жылан, Балық.

Соңында 1. Үйде, 2. Жұмыста, 3. Жолдастарының арасында, 4. Өзіндік баға деп бөлінген бөліктерге жазылған жануарлар, құстар адамның сол бөлікке қатысты мінездемелермен танысады.

Жауабы:

1. Түйе - шыдамды
2. Жылқы - тектілік
3. Сиыр - өкпелегіш
4. Қой - жайдарлылық
5. Ешкі - ұйымдастырушылық
6. Мысық - биөрісі басым адамдар
7. Тауық - шығармашыл
8. Қаз - тазалық
9. Аққу - сезімтал
10. Қарлығаш - бауырмал
11. Үйрек - ұқыптылық
12. Бұлбұл - әнді жақсы көретін
13. Арыстан - қайратты
14. Қасқыр - жігерлі
15. Түлкі - бейімделгіш
16. Маймыл - әртістік қабілеті бар
17. Қоян - елгезек
18. Тауешкі - талғамы жоғары
19. Тасбақа - мейірімді
20. Жылан - салқынқанды
21. Балық - еркіндікті қалайды

Талдау: жаттығудан алған әсеріңіз? Өзіңізді теңеу қиын болды ма?

(тез тез 2-3 қатысушыдан сұрау)

3. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» ойын

Мақсаты: Жіптік әдіс арқылы ұжым мүшелерін ауызбіршілікке, бір-бірін жақыннан тануға баулу. Шарты: жіп арқылы стакандардан мұнара жасау.

4. «Өз әңгімеңді айтшы» жаттығуы

Тренингке қатысушылар екі топқа бөлінеді. Сіздерге әр түрлі 20 сөз беріледі. Сол сөздерді байланыстырып, бір әңгіме құрастыруларыңыз керек. Сөздер кезек - кезек беріледі, қатысушылар бір-бірінен соң сөздерді құрастырып, бір әңгіме құрап шығуы керек. Іске сәт.

Сөздер:

Ана; Гүл; Орындық; Бала/қыз/; Балмұздақ; Жапырақ; Самал жел; Кітап; Ата; Ағаш; Газет; Көлеңке; Саябақ; Маңдай; Көбелек; Шелек; Тамақ; Доп; Қалақ; Үй. Тәрбиеші; Бала/ер/; Киім; Орындық; Ілгек; Ана; Көмекші тәрбиеші; Циклограмма; Конфет; Серуен; Сабак; Түрлі - түсті карандаш; Шкаф; Үй; Киім; Телефон; Шарф

5. «Мұқият қайтала» жаттығу

Шарты: қатысушылар бір қатарға тұрады. Жүргізуші бір қимылды бастап көрсетеді. алдында тұрған қатысушыға қимылды қайталайды.

6. «Берік көпір»

Мақсаты: Қатысушыларды ұжымға бейімдеу, айналасындағылармен бірлесіп жұмыс жасауға бағыттау

Шарты: Қатысушылар бір-бірінің артына тұрып көпір құрады. Сол көпір арқылы шарды домалатады.

7. «Қимыл қозғалыс арқылы жауап беріңіз» ойын

Кім көңілді (күлу)

Кімнің шашы кара? (қолмен шашын серпу)

Кімге ақша керек? (Зрет қол соғу)

Кім өзін бақытты деп санайды? (аяқпен дыбыс шығару)

Кімге үй керек? (қолмен үй көрсету)

Кім ақылды? (бас ұстау)

Кім сұлу? (екі қолмен беттерін ұстау)

Кім мейірімді? (қос қолмен жүрек тұсын ұстау)

8. «Лабиринттен бірге шығайық» ойын

Мақсаты: Ұжымға берген тапсырманы бірігіп жасауға ұжым мүшелерін баулу. Бір-бірін түсінуге, қарым-қатынасты нығайту арналған ойын.

9. Қорытынды «Бес саусақ» жаттығуы

Мақсаты: Қатысушылардан тренингтен алған әсерлерін байқау.

Барысы: Қатысушыларға ақ парак таратылады, оған өз қолдарын бастырып салып, әр саусаққа қандай әсер алғандарын жазады.

Бас бармақ – бәрі маған маңызды қызықты болды

Балан үйрек – маған қиын болды ұнаған жоқ

Ортан терек – маған бір нәрсе жеткіліксіз болды

Шылдыр шүмек – менің көңіл-күйім жақсы болды

Кішкентай бөбек – менің ұсынысым...

«Жақсы көңіл-күй – жан азығы» атты психологиялық тренингтің анықтамасы

Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасында 2024 жыл желтоқсан айының 3 жұлдызы күні ұжым қызметкерлеріне арналған «Жақсы көңіл-күй – жан азығы» атты психологиялық тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты: ұжым мүшелерінің психологиялық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу және өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білуге ұйымдастыру.

Тренинг барысында алдымен сәлемдесіп, «Менің мінезім», «Жұмысқа көтерген жүк жеңіл», «Өз әңгімеңді айтшы», «Мұқият қайтала» «Берік көпір», «Лабиринттен бірге шығайық» сияқты ойындар мен жаттығулар жүргізілді. Ұйымдастырылған ойын мен жаттығулардың негізгі мақсаты ұжыммен жұмыс жасауға әрі бір-біріне көмек беруге бағытталды.

Ұжым мүшелері тренинг соңында алған әсерлерімен бөлісті.

Психолог:



А. Мақұлбекова

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы



И.Беркінбаева

**Балам - өмірімнің гүлі
Ата-аналармен семинар-тренинг**



Психолог Мақұлбекова.А.Н

Өткізген уақыты: 9 желтоқсан 2024 жыл

Мақсаты: Балабақша мен ата-аналар байланысын, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру. Ата-аналардың қарым-қатынасын жақсарту. Бала тәрбиелеуде ата-аналарға кеңес беру және түзету-дамыту жұмысын жүргізу. Ата –анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Баланың бойындағы жасырын қасиеттерін ашуда ана-атаның рөлін түсіндіру.

Амандасу: Түрлі қимылдар арқылы барлық ата-аналармен амандасу.

Мақсаты: Барлық ата-аналарды семинар тренингке қатысуға шақыру арқылы амандасу. Ата-аналар бір-бірлерімен жақсы жағымды энергиямен алмасу.

«Біз дайынбыз ба?» тренинг

Мақсаты: Бірігіп жұмыс жасау үшін ата-аналарды ұйымшылдыққа дайындау.

Шарты: Ата-аналармен қол ұстасып, шеңбер арқылы шарды құлатпай шеңбер ішінде ұстау. Тапсырмалар беру арқылы ойынды қиындату. Шеңбер бойымен айналу және кері айналу.

"Тез-тез жауап бер»

1. Бала сіз үшін кім? (Б әрпінен басталатын сөздер айту)
2. Балаңызды еркелеткенде қандай сөздер айтасыз?
3. Балаңыз сізді ренжітті, сіздің іс - әрекетіңіз.
4. Сіздің бойыңызда, сіздің ойыңызша қандай жақсы қасиеттер бар?
5. Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба, әлде балабақша жауапкершілігі басым ба?
6. Балаларда қызғаныш, өзімшілдік мінездің қалыптасуы неден?
7. Балаларыңыз игілік (жақсы) істер істесе, оларды қалай мадақтайсыздар?

«Үш тілек» әдістемесі

Нұсқаулық: бұл әдістемені өткізудегі міндетті шарт - баламен сенімді

әңгімелесу. Оған: «Сенін қолыңда сиқырлы гүл бар екен деп ойла.

Бұл гүлдің сенің қалаған тілектеріңді орындайтын 3 жапырақшасы ғана бар. Бірінші жапырақшасын жұлып, бірінші тілегіңді ойла, екінші жапырақша - екінші, үшіншісі - үшінші», - деп балаңызға айтыңыз. Бұл әдістемені ата-анаға жүргізіп, бала кездегі 3 арманын сұрау. Ата-аналарды балалық шаққа апару арқылы, түзету-дамыту, кеңес беру жұмыстарын жүргізу.

Трубочкалармен **“Мені жерде қалдырма”** тренингі.

Мақсаты: Ата ана баласының аты жазылған қағазды трубочкамен өзі отырған орынға дейін қолын тигізбей апару керек. Біз оны баланың жетістікке жету жолы деп санаймыз. Мысалы: ата аналар бірнеше рет

кұлатып алады, қайтып көтереді. Соңында бәрібір орындарына дейін алып барады. Яғни білім шыңына шығуда немесе жеңіске жетуге бала киналады. Ата - ананың сенімі, қолдауы арқасында жығылып жатқан бала қайтадан орнынан тұрып әрекет жасайды.

«Құрметті ата-аналар іштегі ашуын, ызасын, жағымсыз жиналған энергиясын кім шығарғысы келеді?» деп, сұрақ қою арқылы ата-аналарды тренингке шақыру.

Үрлеу тренингі ата-аналардың ішкі агрессиясын шығару атты жаттығудың түрі.

Мақсаты: Ата-аналарға үрлеу арқылы іштегі ашу, ызаны шығару, жағымсыз жиналған агрессиямен күресу.

Ойын шарты: Үрлеу арқылы жіпке тізілген пластмасс стакандарды межеге жеткізу.

«Гүл» әдісі.

Мақсаты: Баланың бойындағы жасырын қасиеттерін ашуда ана-атаның рөлін түсіндіру. Отбасындағы бала тәрбиенің рөлін арттыру.

Шарты: Гүлдің ортасына әр ата-ана өз баласының есімін жазып, ал гүлдің күлше жапырақшасына сол баласының жақсы қасиеттерін, жақсы қылықтарын жазады.

Ата-аналармен талдау: Мысалы, ата-аналар өз баласының жақсы қасиеттерін ашуда қолдау білдіріп, бала күшіне сенсе. Ата-ана өз қолдауын жасаса, баланың бойындағы жасырын жақсы қасиеттері мен қабілеттері сыртқа шығар еді.

«Отбасылық құндылық ағашы»

Нұсқау: Мына Үлкен ағаштың суретін салу керек. Бұл сіздердің отбасылық құндылық ағашыңыз. Алдын-ала дайындалған отбасылық құндылықтар жазылан карточкалар таратылып беріледі. Оларды ағаштың тамырына, дініне, бұтақтарына орналастыру керек. Тамыры сіздің ең негізгі отбасылық құндылық болып есептеледі, ағаштың дініне орташа құндылықтарды, ал бұтақтарына отбасыңызға маңызды бірақ, қатты қолданбайтын, көп көңіл аудармайтын құндылықтарды орналастыру керек. Берілетін уақыт 7-8 минут.

Берілетін отбасылық құндылықтар:

Мықты денсаулық
Ағайындарына, достарына
ашық есік
Ауызбіршілік
Ортақ қызығушылық
Бір-біріңіздің жұмысына
араласпау
Қамқорлық

Тәртіп
Бос уақытыңызды бірге өткізу
Сенімділік
Ата-ананың сөзі заң
Ата-ана отбасының үлгісі
Әлеуметтік жағдай
Отбасылық сыйласымды қарым-
қатынас

Махаббат
Ақылдылық
Шынайлылық
Көрегендік
Әдептілік
Ұстамдылық
Сенімділік
Адалдық
Мейірімділік
Жауапкершілік

Беріктік
Сабырлылық
Мәдениеттілік
Адамгершілік
Түсіністік
Сырт көзге үлгі болу
Береке
Үлкенге - ізет, кішіге - құрмет
Көп бала

Соңынан үлкен бәйтерек ағашы шығуы керек. Шыққан суретті өздері қорғап шығады.

Губканың суретін көрсету арқылы оның кандай қасиеті бар екенін ата-аналардан сұрау. Ата-аналардың берген жауаптарын талдау арқылы «губка» әдісін жүргізу.

Мақсаты: Ата-ананың бала өміріндегі рөлін түсіндіру. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңыздылығы.

Шарты: Стакан су - ата-ана

Бала - губка

Жылы түс: сары

Көп бала

Салқын түс: қара

Ата-ананың жағымды және жағымсыз қасиеттерін кезек-кезек айту арқылы жылы және салқын түстерді суға араластырамыз. Губканы стаканға салып нәтижесін ата-аналармен талдаймыз.

Талдау: Мысалы барлық суды губка өзіне сіңіріп алады. Бала ата-ананың барлық қасиеттерін өзіне сіңіріп алады. Бала ата-ананың айнасы, көргенін жасайды. Демек баланы тәрбиелемес бұрын өзімізді тәрбиелеуіміз керекпіз. Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де солай сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді.

Ата-аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімізді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!

**Бала сіз үшін кім?
(Б әрпінен басталатын
сөздер айту)**

Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба, әлде балабақша жауапкершілігі басым ба?

**Балаңызды еркелеткенде
кандай сөздер айтасыз?**

Балаларда қызғаныш, өзімшілдік мінездің калыптасуы неден?

**Балаңыз сізді ренжітті,
сіздің іс - әрекетіңіз.**

Сіздің бойыңызда, сіздің ойыңызша қандай жақсы қасиеттер бар?

**Балаларыңыз игілік
(жақсы) істер істесе,
оларды қалай
мадақтайсыздар?**

«Балам – өмірімнің гүлі» атты психологиялық тренингтің анықтамасы


2024 жылдың желтоқсан айының 9 жұлдызында Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасының «Балбөбек» мектепалды даярлық тобының ата - аналарымен «Балам – өмірімнің гүлі» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты: Балабақша мен ата-аналар байланысын, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру. Бала тәрбиесіне байланысты ата-аналарға кеңес беру және түзету – дамыту жұмысын жүргізу. Баланың бойындағы жасырын қасиеттерін ашуда ата-ананың рөлін түсіндіру.

Тренингке топтың 11 ата – анасы қатысты. Тренинг барысында ата – аналар бір-біріне қолдау көрсетіп, баланың бойындағы жасырын қасиеттерді ашу жолында бір – бірімен ой бөлісті. Түрлі ойындар мен жаттығулар орындалып, ата – аналар бойларындағы жағымсыз агрессияны шығарып, жақсы көңіл-күй сыйлады. «Отбасылық құндылық ағашын» салып, оған өз отбасыларының мықтылығын көрсететін қасиеттерді орналастырды.

Тренинг соңында әр ата – ана өз ойымен бөлісіп, талдау жұмыстары жүргізілді.

Психолог:



А. Мақұлбекова

«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы



Бекітемін

Б/б меңгерушісі:

И.Беркінбаева

«Менің достарым»

/Балаларға арналған психологиялық тренинг/

Психолог: А.Мақұлбекова

2024 – 2025 оқу жылы

Психологиялық тренинг

Мақсаты: топтағы балалардың ауызбіршілігін, ынтымақтастығын дамыту.

Барысы:

I. Амандасу

«Шаттық шеңбері»

Көтеріліп көкке күн,
Күлімдеді маған да,
Күлімдеді саған да,
Нұрын шашып баршаға.

- Балалар ең алдымен біз «ДОС» деген кім, «ДОСТЫҚ» деген не екенін анықтап алайық. Сендер өз ойларыңды айтыңдаршы

II. «Менің досым?»

Балалар өз достары жайында әңгімелейді.

III. «Бірлік»

Балалар шеңбер құрып тұрады. Екі дос жұдырықтарын ашпай шеңбердің ортасынан өту керек.

IV. «Шағын лекция»

Енді, мен сендерге Дастан деген баланың басынан кешкен мына оқиғаны айтып берейін, тыңдаңдар.

Бірде Дастан әжесіне қонаққа келді. Аулаға шықса, сол ауланың балалары ойнап жүр екен. Олармен танысқысы келген Дастан, балаларға жақын келіп:

- Салем! Мен Дастанмын. Мен сендермен ойнаймын – деді.

Қалай ойлайсыңдар, балалар ойнайды ма? Неге?

- Балалар Дастанның өз - өзіне сенімді бұйыра сөйлегенін, менсінбеген түрін ұнатпай онымен достаспады. Ренжіген бала әжесіне келді. Ал, әжесі немересіне өзінің білетін әдеп сақтау құпиясын әңгімелеп берді. «Кеуденді көтерсең, достарыңнан айырыласың». Бұл оқиға сендердің де естеріңде болсын.

V. « Мен қолды таңдаймын»

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады.

Барлығы қол ұстасып, көздерін жұмып тұрады (тыныш ойналады).

«Тыңдаңыздар. Сіздер ұстап тұрған көршілеріңіздің қолдарына, оң қолыңыздағы қолға назар аударыңыз. Ол қандай? (кішкентай, нәзік, батыл, суық, т. б.) Бұл саусақтар қандай ақпаратты сізге беретінін тыңдаңыздар. Енді назарды сол қолға аударып, оны тыңдаңыздар. Енді көздеріңізді ашып, өздеріңіздің сезімдеріңіз туралы айтыңыздар, қолдарыңыз бір біріне тигенде не сездіңіздер?»

VI. «Сиқырлы кесе»


Қатысушылар қолдарын тізеге қойып, еркін отырады. Көздерін жұмып, терең және бірқалыпты тыныс алады. (баяу музыка ойнап тұрады)

- Көз алдымызға аппақ кеңістікті елестетеміз, барлық зейінімізді соған шоғырландырамыз. Сіз сол кеңістіктен бір кесені көресіз. Оны өзіңізге ұнаған түске бояңыз. Тағы бір сол кесеге анықтап қараныз. Енді кесені өзіңізге ұнайтын бір шырынға толтырыңыз. Оның жанына ойша басқа біреудің кесесін бөтен бір кесені салып көріңіз. Кесе бос. Өз кесенізден бос кесеге құйыңыз. Бос кесеге өз кесенізден құя беріңіз, аямаңыз. Ал енді өз кесенізге тағы да қараңызшы. Ол тағы да толып тұр! Оған не болды? Неге былай болады? Егер біз біреуге бірдене берсек, ол бізге қайтып келеді. Адамға жақсылық жасап, оны сыйласақ, бізге де қоршағандар соның бәрін қайтарады.

VII. Рефлексия.

«Кешірім»

Балалар еркін жүріп, достарынан ренжіткен болса кешірім сұрап, құшақтасу керек. Содан соң бір – бірін жақсы көретіндерін айту.




«Менің достарым» атты психологиялық тренингтің анықтамасы

Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасының «Балбөбек» мектепалды даярлық тобында қаңтар айының 17 жұлдызы күні «Менің достарым» атты психологиялық тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты: топтағы балалардың ауызбіршілігін, ынтымақтастығын дамыту.

Тренинг барысында алдымен балалар «Шаттық шеңберінде» бір – бірімен амандасты. Содан соң балалардан дос деген кім, олардың достары кім деген сұрақтарға жауап алынды. Олардың өздерінің достары жайлы айтылды. Содан соң бір – біріне деген достық сезімдерін арттыру мақсатында ойын – жаттығулар өткізілді. Соңында бірін – бірі құшақтап, бір – біріне жылы сезімдерін сыйлады.

Балалар тренингке белсене қатысып, бір – біріне қуаныш сыйлады.

Психолог:  А. Мақұлбекова

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы

Б/б меңгерушісі:



Бекітемін

И.Беркінбаева

**«Әлімжеттік және балалар қауіпсіздігі»
ата-аналармен семинар-кеңес**

Психолог: А.Мақұлбекова

Семинар бағдарламасы

I. Амандасу

II. Алғы сөз бөбекжай-бақша меңгерушісі И.Беркінбаева

III. «Әлімжеттік дегеніміз не?» Психолог.А.Мақұлбекова

IV. Дудаказр ойыны. Психолог.А.Мақұлбекова

V. Маман ата-анадан ақыл-кеңес.психолог. Психолог.А.Мақұлбекова

VI. Қорытындылау

Кіріспе сөз.

Қазіргі кезең ақпараттық технологиялар кезеңі. Сондықтан кез-келген ақпарат өте жылдам, тез тарайды. Осы орайда түрлі әлеуметтік желілерде, ақпараттық сайттарда буллинг құрбаны болған мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің балалары жайлы ақпараттар да таралып жататыны жасырын емес. Осындай келеңсіз жайттардың алдын алу мақсатында «Салтанат-Эль» бөбекжай бақшасында «Әлімжеттік және балалар қауіпсіздігі» тақырыбында ата-аналармен семинар-кеңес қажет деп есептейміз.

I.Амандасу.

Мақсаты: Ата-аналарға ерекше көңіл-күй сыйлау мақсатында көңілді әуен арқылы барлық ата-аналар педагогтармен амандасып шығады. Амандасуды белгілі бір суреттерді таңдау арқылы жасайды.

II.Алғы сөз бөбекжай-бақша меңгерушісі И.Беркінбаеваға беріледі.

III. Әлімжеттік деген не? Психолог.А.Мақұлбекова

Ең алғашқы әлімжеттік балабақшадан бастау алады. Өйткені, балабақша – баланың өзгелермен араласып, дос табуына жол ашатын орта. Кейде топтасқан балалар өздеріне ұнамаған баланы қатарларына қоспай, шеттетуі мүмкін. Ал бұл әлімжеттіктің алғашқы белгілері.Әлімжеттікке ұшыраған баланың мінез-құлқы өзгеріп, қызығушылығы жоғала бастайды, тұйықталады. Бала стрессте жүреді. Әлімжеттікке қай жерде ұшыраса, сол жерге барғысы келмейді. Мысалы балабақшаға барғысы келмейді, аулаға шыққысы келмей, тығылып жүреді, қашқақтайды. Бұл – өте ауыр стресс. Бала әртүрлі нәрседен қорқады. Жиі ойланып, уайымға салынады.

Балабақшаға бермес бұрын алдын ала дайындау керектігін айтты.Ең бірінші балабақша туралы ақпарат бергені жөн. Яғни балабақшада не істейтінін, қандай орын екенін балаға түсіндіру қажет. Содан кейін өзінің жұмыс істейтінін, одан шыққан соң бірден баласын алып кететінін де айтуы керек. Ата-ана мұны жай ғана түсіндіріп қана қоймай, эмоциясын көрсете білуі де керек. Сол кезде бұл ақпараттар балаға қызық әрі түсінікті болады. Балабақша туралы қызық мәліметтер естіген бала енді оған баруға асығады. Балабақшада балаларды бір-біріне саналы түрде жанашырлық таныту ға, қамқор болуға үйрету керек", - деп кеңес берді психолог.

Балабақшадағы әлімжеттік

Балабақшадағы зорлық-зомбылық мектептегі зорлық-зомбылықтан ерекшеленеді. Шынында да, балабақшада қорлау жағдайлары жиі кездеседі. Бұзақылық

әртүрлі себептермен жүзеге асырылуы мүмкін: бойы қысқа, немесе керісінше ұзын, әдемі сәнді киім, топқа жаңадан келген бала немесе жай ғана зерігуден және т.б.. Себебі әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оның мәнін өзгертпейді, жәбірленушіге ауызша және физикалық түрде шабуыл жасалады. Бастауыш сыныпта әлімжеттік топтық сипатта болса, балабақшада оны жеке балалар жүзеге асырады. Мектеп жасына дейінгі балалар өз әрекеттерін толық түсінбейді. Бала оның салдарын білмейді және өзін кінәлі сезінбейді. Кез келген бала қорлаудың құрбаны болуы мүмкін.

Әлімжеттік құрбаны болатын баланың негізгі белгілері:

- өзін-өзі төмендете бағалауы,
- ұялшақтық,
- тұйықтық,
- қорқақтық
- айналада болып жатқан оқиғаларға қызығушылық танытпау, құрбыларының арасында кем дегенде бір жақын досының болмауы, барлық жағдайға көңілсіз.

Әлімжеттіктің алдын-алу

Мұндай жағдайдағы ата-аналар балаға түрлі теріс тәрбие береді: ата-ананың біреуі балаға агрессияға агрессиямен жауап беруге үйретеді, яғни күш қолдануға ақыл-кеңес береді немесе өз бетінше шешуге кіріседі немесе балабақшада болса ол жағдайды тәрбиешіге шағымданып айтады. Ата-аналар сіздер түсінулеріңіз керек, егер бала балабақшада әлімжеттіктің құрбаны болса, онда тәрбиешіге немесе психологқа хабарласуы керек.

Үш жасында балалар бірін-бірі мазақтай бастайды, ал бес-алты жаста атын мазақ қылып шақыру пайда болады. Оның себептер ересектерге еліктеу, өзін-өзі жоғары санау және назар аудару әрекеттері болуы мүмкін. Ата-аналар балалардың үлкендерден үлгі алатынын түсінуі керек және баланың сөйлеу мәдениеті мен мінез-құлқын қадағалау керек. Мектеп жасына дейінгі балалар барлығын жылдам түсінеді. Көбінесе ата-аналар өз сөздерінде балағат сөздерді қолданғанда мұны ескермейді. Олар баланың әлі кішкентай екеніне және бұл сөздердің мағынасын түсінбейтініне өкінеді, бірақ шын мәнінде, бала құрдастарымен қарым-қатынаста қолданатын ұятсыз сөздерді жадында сақтайды.

Балаңызды басқа адамдардың мінезіне шыдамдылықпен қарауға үйретіңіз. Баланы ұрып-соғу, итеру, ойыншықтарын алып тастау немесе оған агрессивтілік таныту – бұл әлімжеттік. Кейбір балалар өз-өзіне сенімді, күшті моральдық және физикалық қасиеттерінің арқасында басқаларды бағындыратын, үстемдік ете алатын болса, ал кейбір балалар тез әлімжеттіктің құрбаны болады, ол балалардың өзін-өзі бағалауы төмен, күйзеліске өте сезімтал және өзін-өзі қорғай алмайды.

Әлімжеттікке ұшыраған балаға қалай көмек бере аламыз?

Әлімжеттікке ұшыраған баланы ата-аналар мен тәрбиешілер бірлесіп құтқаруы керек. Сонда ғана бұл іс жеңіл түрде шешілетін болады. Біреуден қысым көрген бала өзгенің қорғауына мұқтаж болып келеді. Әлімжеттік баланың бойына өте ауыр травма қалдырады. Бұған ата-ана міндетті түрде көңіл бөліп, назар аударуы керек. Әлімжеттікке ұшыраған баланың санасы тез қалыпқа келеді. Тек ата-анасы мен жақындарының үздіксіз қолдау білдірсе жеткілікті. Баланың травма алуы да, сол травманы жеңуі де өте оңай. Бұл жағдайда ата-аналар топтағы жағдайды зерттеп,

мұғалімнен және олардың баласынан, сондай-ақ басқа ата-аналардан ақпарат жинауы керек. Спектакль арқылы үйдегі жанжалды жағдайларды ойнауға болады. Жағдайды сахналау арқылы сіз балаңызға дұрыс сөз тауып, дұрыс әрекет етуге үйретесіз. Балаңызбен жиі сөйлесіңіз. Кұрдастарын қонаққа шақырыңыз. Ойын алаңдарына барып, балаңызға балалармен жиі араласуға мүмкіндік беріңіз. Бала қарым-қатынас жасауды үйренуі керек. Егер балалар баламен ойнамаса, онда мәселе оған байланысты болуы мүмкін. Әртүрлі топтарда бала бірдей проблемаларға тап болады. Егер ата-аналар баланың балалармен қарым-қатынас жасауы қиын екенін байқаса, онда психологқа хабарласу керек. Көбінесе балалар қарым-қатынас жасауды білмейді, оларда әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар қалыптаспаған. Негізгі себептері: бала ұялшақ, агрессивті, сырт келбеті басқалардан ерекше, бұзылған, сөйлеу бұзылыстары, отбасындағы проблемалар. Егер бала қорлаудың құрбаны болса, күтпеңіз, бірақ әрекет етіңіз, өйткені қорқытылған бала ауыр күйзеліске ұшырайды, бұл кейіннен психологиялық жаракатқа әкеледі.

IV. Дудаказэр ойыны. Психолог. А. Мақұлбекова

Арнайы суреттер арқылы ата-аналар өздерінің ойларымен жеке пікірлерімен және бала тәрбиесіндегі лайфхактарымен бөлісуді сұрау.

V. Маман ата-анадан ақыл-кеңес Психолог. А. Мақұлбекова

Ата-аналар арасынан медбике мен мектеп мұғалімінен балалар қауіпсіздігіне байланысты ақыл-кеңестер мен нұсқаулар алу.

VI. Қорытындылау. тәрбиеші Ж. Тілеулиева

Ата-аналарға арнайы сұрақтар бар тәттілер таратылады. Сұрақтар арқылы ата-аналармен семинар кеңесті қорытындылау. Жылы лебіздер мен семинардан алған әсерлері немесе ойларын сұрау.

Сұрақтар

1. Әлімжеттік дегенді қалай түсіндіңіз?
2. Балабақшадағы әлімжеттіктің куәгері болдыңыз ба?
3. Бүгінгі семинардан алған ойыңыз немесе әсеріңіз?
4. Қалай ойлайсыз, әлімжеттіктің алдын-алу мүмкін бе?
5. Бала тәрбиесінде сіз қолданатын лайфхактар немесе әдіс-тәсілдер?
6. Балалардың қауіпсіз өмірі ол қандай?

Анықтама

Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасында «Әлімжеттік және балалар қауіпсіздігі» тақырыбында ата-аналармен семинар кеңес өтті.

Семинар алдында алғы сөзді бөбекжай-бақша меңгерушісі И.Беркінбаевадан бастады.

Ата-аналарға ерекше көңіл-күй сыйлау мақсатында көңілді әуен арқылы барлық ата-аналар педагогтармен амандасып шықты. Амандасуды белгілі бір суреттерді таңдау арқылы жасады.


Семинар бағдарламасы барысында мекеме психологы А.Мақұлбекова балабақшадағы балалар арасындағы әлімжеттік байқалған жағдайда тәрбиешінің және ата-ананың іс-әрекеті қандай болу керектігі және әлімжеттіктің алдын-алуда ата-ананың рөлі жөнінде кеңестер айтылды.

Психолог А.Мақұлбекова дудақар ойынымен семинар бағдарламасын жалғастырды. Арнайы суреттермен ата-аналар өздерінің ойларымен жеке пікірлерімен және бала тәрбиесіндегі лайфхактарымен бөлісті.

Психолог А.Мақұлбекова маман ата-анадан ақыл-кеңес сұрады. Ата-аналар арасынан өрт сөндіруші және медбике мен полиция қызметкерлерінен балалар қауіпсіздігіне байланысты ақыл-кеңестер мен нұсқаулар алынды.

Тәрбиеші Ж.Тілеулиева «Тәтті сұрақ-жауап» арқылы семинарды қорытындылады. Ата-аналарға арнайы сұрақтар бар тәттілер таратылды. Жылы лебіздер мен семинардан алған әсерлерімен ата-аналар бөлісті.

Психолог:



А.Мақұлбекова